

■ КӨРМЕ

Суретшілік — таланттылар таңдайтын мамандық

А.ТҰРЖАНОВ

Түнеу күні Шахтинск қаласының кеешілер мәдениет сарайында алғаш рет Әубәкір Ісмайылов атындағы көркем сурет мектебінің ұстаздарының, яғни қыл қалам шеберлерінің шығармашылығынан көрме ұйымдастырылды. Бұны эксклюзив деуге болады. Өйткені, мұндай көрме Шахтинскте бұрын - соңды болмаған. Жастарға тәлім - тәрбие берін жатқан, суретшілік өнерге баулып жатқан көркем сурет мектебінің ұстаздары жиналған жұртшылыққа зор әсер сыйлады.

«Шахтинск квартеті» деп аталатын ұстаздардан құралған қыл қалам шеберлерінен қаламызға ғана емес, республикамызға танымал суретші ұстаз Еркін Темірғалиев, Жаңабек Жұмабеков, Елена Невиденская және Наталья Сайгушева болды. Көрмеге суретшілердің шәкірттері, жастар, сонымен қатар жастар ресурстық орталығының басшысы Жасұлан Хамитов, білім бөлімінің әдіскерлері, көркем сурет мектебінің ұстаздар ұжымы, тағы басқалар қатысты.

Кеншілер мәдениет сарайының қабырғаларына ілінген суретшілердің шығармалары жұртшылықтың көз жауын алды. Түрлі кескіндемеде жасалған суреттердің әр түрлі тарихы бар. Суретші Еркін Манарбекұлы шығармашылығының жан – жақтылығын бейнелейтін туындылар ұсынылды, суретшінің қыл қаламынан жасалған суреттерге қараған адамға мүсінге, кескіндемеге және графикаға қызығушылық танытады. Ал, Жаңабек

Сайлаубекұлының күрделі психологиялық прорет жанрында жұмыс істейтіндігі байқалады. Оның шығармаларында өмірден өткен ұлы қайраткерлер мен бүгінгі замандастардың бейнелерінен сыр шертіледі.

Бұдан басқа Елена Вячеславовна дәстүрлі киіз басу техникасында жұмыс істейді, түстің ең нәзік нюанстарымен, кәдімгі жүнмен сурет салады, сондай - ақ Наталья Юрьевнаның шығармашылығы дымқыл соус техникасында орындалған жұмыстар, сия және қарындашпен жасалған графикалық парақтар, сонымен бірге басқа да бояулармен салынған суреттер ұсынылды. «Шахтинск квартирі» шығармашылығына қалалық білім бөлімінің әдіскері Сайра Сагадиева, жастар ресурстық орталығының басшысы Жасұлан Хамитов, басқа да әдіскерлер, көркем сурет мектебінің бұрынғы директоры, ұстаздар қауымы, шәкірттер зор баға беріп, олардың талантына

бас іді.

Айта кететін жайт, аталмыш суретшілердің көрмесі бұған дейін Қарағанды, Теміртау қалаларының музейлерінде және Қарқаралы ауданында ұйымдастырылды. Яғни көшпенді көрме деп айтуға болады. Сұхбат барысында Еркін Темірғалиев «Алғашқы рет осындай ауқымды көрме Шахтинск қаласының кеншілер мәдениет сарайында ашылып отыр. Көрме келген қонақтарға өте қатты ұнады деп ойлаймын, «жалғасын тапсын» деп ниеттерін білдірді көрме қонақтары. «Шахтинск квартирі» осымен алғашқы туры аяқтады. Алдағы уақытта жоспар көп, басқа бағытта көріп қаларсыздар. Көрмені ұйымдастыруға атсалысқан білім бөліміне, көркем сурет мектебіне, жастар ресурстық орталығына, кеншілер мәдениет сарайына шексіз алғыс білдеремін», - деді.

